

"Жекешелендірудің 2021 - 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына
өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 989 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысына
мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олармен үлестес
болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың басым тәртіппен бәсекелес ортаға беру
ұсынылатын ірі еншілес, тәуелді ұйымдарының тізбесінде:

"Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы" деген бөлімде:

реттік нөмірі 10.8-жол алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 11-1.9.1-жолмен толықтырылсын:

"

11-1.	9.1	"Жолаушылар вагондарын жасау зауыты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	тікелей атаулы сату	2022 – 2023
-------	-----	--	---------------------	-------------

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Ә. Смайылов